

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК  
ТӨҢКЕРІСТІҢ МҮДДЕСІ ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕРІ»**

экономика ғылымдарының докторы, профессор  
**МҰХАМБЕКОВ МҰРАТПЕК МҰХАМБЕКҰЛЫНЫҢ**  
70-жылдығына орай халықаралық ғылыми онлайн семинардың  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
27 сәуір 2018ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международного научно-онлайн семинара  
**«ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ ЧЕТВЕРТОЙ ПРОМЫШЛЕННОЙ  
РЕВОЛЮЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН»,**  
посвященный 70-летию юбилею  
доктора экономических наук, профессора  
**МУХАМБЕКОВА МУРАТПЕКА МУХАМБЕКОВИЧА**  
**27 апреля 2018**

**PROCEEDINGS**

of the international scientific online seminar  
**«CHALLENGES AND OPPORTUNITIES OF THE FOURTH INDUSTRIAL  
REVOLUTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN»,**  
dedicated to the 70th anniversary of doctor of economic sciences, professor  
**MUKHAMBEKOV MURATPEK MUKHAMBEKOVICH**  
23 April 2018

Астана, Қазақстан  
Астана, Казахстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338  
ББК 65  
В 92

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана, к.э.н., доцент Тажикенова С.К.,  
Заместитель декана, к.э.н., доцент Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономика» д.э.н., профессор Майдырова А.Б.,  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.,  
И.о. доцента кафедры «Менеджмент», доктор PhD, Тлеубердиева С.С.,

**Қазақстан Республикасындағы төртінші өнеркәсіптік төңкерістің мүддесі және мүмкіндіктері:**  
Халық. ғыл. семинардың еңбектержинағы. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 2018.

**Вызовы и возможности четвертой промышленной революции в Республике Казахстан:**  
Сб. материалов межд. онлайн семинара. - Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2018.

Proceedings of the international scientific online seminar: **Challenges and opportunities of the fourth industrial revolution in the Republic of Kazakhstan.** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2018.

ISBN 978-601-337-019-4

Халықаралық ғылыми онлайн семинардың еңбек жинағында Қазақстан Республикасындағы төртінші өнеркәсіптік төңкерістің мүддесі және мүмкіндіктерінің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международного научного онлайн семинара рассмотрены актуальные вопросы основных вызовов и возможностей четвертой промышленной революции в Республике Казахстан.

The collection of materials on the international scientific online seminar considers important issues Challenges and opportunities of the fourth industrial revolution in the Republic of Kazakhstan.

УДК 330.341.1 (574)  
ББК 65.012.332  
В 92

ISBN 978-601-337-019-4

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 2018  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2018  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2018

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>АЙТҚҰРМАНОВА Қ.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ САРАЛАУ .....	6
<b>АКПАЕВА В.А.</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РК: ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ .....	8
<b>АЛДИБЕКОВ С.Б.</b> БАНКТЕРДЕ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ.....	9
<b>АУЕЗОВА З.Т., АУЕЗОВА К.Т., ЖАТАКБАЕВА Г.У.</b> НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚОНЫСТАНУ ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....	12
<b>АМАНТАЕВА Д.Ж.</b> ИНТЕРНЕТ ОРТАДА ӨНІМДІ ЖЫЛЖЫТУДЫҢ МАРКЕТИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДЫНУДЫ ТАЛДАУ.....	17
<b>АНДАРОВА Р.К., ЕСКЕНДИР Н.Н., АБЖАНОВА М.К.</b> ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ – ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН "ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ" НЕГІЗДЕРІНІҢ БІРІ.....	21
<b>АНТОЩУК В.А., АРХИПОВА А.В.</b> ПРОБЛЕМЫ ОХРАНЫ ВОДНОГО БАССЕЙНА ОЗЕРА БАЛХАШ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ.....	23
<b>АЙТҚАЛИЕВА А.А.</b> БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІҢ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ .....	25
<b>БАУЫРЖАНКЫЗЫ Д.</b> СОВРЕМЕННЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	27
<b>ГИЛЁВ Н.В.</b> КРИПТОВАЛЮТА В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ .....	30
<b>ДАРИБЕКОВ С.С.</b> АНАЛИЗ АГРАРНОГО ПРОИЗВОДСТВА КАРАГАНДИНСКОГО РЕГИОНА .....	32
<b>DOSKHOZHAYEVA A. ZH.</b> INTERNET-MARKETING AS TOPICAL TOOL IN MODERN MARKETING.....	36
<b>ЕРГЕШ Б.Р.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИЗНЕСТІҢ ӨЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	39
<b>ЕРКИНБАЕВА Н.Е., ХИКМАТОВА А.А.</b> СОЦИАЛЬНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ И КАЧЕСТВО ЖИЗНИ: КОНЦЕПТУАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ .....	41
<b>ЕСКЕНДИР Н.Н., ТАЛГАТ Б.Ж.</b> ҚАЗАҚСТАНДА СТАРТАП КЕЗЕҢІНДЕ БИЗНЕСТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ.....	43
<b>ЖАНСЕИТОВА Г.С., ТЛЕУБЕРДИЕВА С.С.</b> РАЗВИТИЕ ПРОМЫШЛЕННОГО СЕКТОРА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	46
<b>ЖАРТАЙ Ж.М.</b> GENESIS OF THE THEORY OF THE INTERNATIONAL ECONOMIC INTEGRATION.....	48
<b>ЖЕКЕМБЕК К.Б.</b> СОСТОЯНИЕ ВНЕШНЕТОРГОВОГО БАЛАНСА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....	50

<b>ЖИЕНБАЙ С.</b> СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ-МАРКЕТИНГА В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСТИНИЦЫ «NURBI» .....	55
<b>ЖҰМАХАН А.Ж., ТІЛЕУБЕК Е.</b> ЦИФРОВАЯ ЭКОНОМИКА И БИЗНЕС В КАЗАХСТАНЕ.....	59
<b>ЗУЛБУХАРОВ А.</b> ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ РЫНКА ИНЖИНИРИНГОВЫХ УСЛУГ НА ПРИМЕРЕ ТОО «TREI-КАРАГАНДА».....	61
<b>ИСАИНОВА С.Р.</b> ПРОБЛЕМЫ HR-МЕНЕДЖМЕНТА В КАЗАХСТАНЕ.....	63
<b>ИБАТУЛЛИН А.С.</b> АДАМИ КАПИТАЛ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ НЕГІЗІ .....	65
<b>КАЛИЕВА З.К.</b> СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....	69
<b>КАРИБАЕВ Е.С.</b> ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ҚҰРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІГІ.....	72
<b>КОМЕНДАНТ А.А.</b> ПРЕДПОСЫЛКИ РОСТА ЕМКОСТИ РЫНКА КОНСАЛТИНГОВЫХ УСЛУГ В МИРОВОЙ ЭКОНОМИКЕ.....	75
<b>КОЩЕГУЛОВ А.Б.</b> ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ЖӘНЕ ИИНОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КОНЦЕПЦИЯСЫ.....	78
<b>КУЛОВ О.А, ТЛЕУБЕРДИЕВА С.С.</b> ОСНОВНЫЕ ФОРМЫ НЕСТАНДАРТНОЙ ЗАНЯТОСТИ ПОСТИНДУСТРИАЛЬНОЙ ЭПОХИ.....	82
<b>КУПРИЙ О.А., БАЛСАРИНА К.Н.</b> АНАЛИЗ И СРАВНЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ В РОССИИ, УКРАИНЕ, БЕЛАРУСИ И КАЗАХСТАНЕ .....	87
<b>КЛЕЙМЕНОВА О.И., РАХИМОВА А.Н., ПЕРОВА Н.С.</b> ЭКОНОМИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ПОСЛЕДСТВИЙ И ПРИЧИН.....	90
<b>ҚАЛМЕНОВА М.Ғ.</b> ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	92
<b>КАПЫШ Г., МАЕВА Ж.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА САЛЫҚ РЕЖИМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	95
<b>MUSSINA S.T.</b> DEVELOPMENT OF INTEGRATION PROCESSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN .....	99
<b>М. МУХАМБЕКОВ, Ж.К. МАХАМБЕТОВА</b> РАЗНЫЕ БЫВАЮТ КОРПОРАТИВНЫЕ СОЦИАЛЬНЫЕ ОТВЕТСТВЕННОСТИ.....	103
<b>НУРАЛИЕВА А.М., ТАЯУОВА Г.Ж.</b> ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ И УПРАВЛЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЯМИ.....	108
<b>N.S. PEROVA, KUSSAINOVA A. E.</b> TNCs AND THEIR IMPACT ON THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN .....	113
<b>НУРМАНБЕТОВА А.С.</b> ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ КАДРОВОГО ОБЕСПЕЧЕНИ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ .....	115
<b>НУРМАНБЕТОВА А.С.</b> ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ .....	117

<b>НУРМАНБЕТОВА А.С.</b> ПРОБЛЕМЫ И SWOT-АНАЛИЗ ОПЕРАЦИЙ С ЦЕННЫМИ БУМАГАМИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БАНКОВ ВТОРОГО.....	120
<b>ОРЫНБАСАР Т.М.</b> РЕАЛИЗАЦИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ ПО УПРАВЛЕНИЮ КРИЗИСОУСТОЙЧИВОСТЬЮ ПРЕДПРИЯТИЯ.....	123
<b>САДЫКОВ Т.У.</b> ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ.....	126
<b>САРБАСОВА Л.Е., УТАРБАЕВА Г.К.</b> ОСОБЕННОСТИ ЛОГИСТИЧЕСКОГО МЕНЕДЖМЕНТА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ.....	129
<b>САРСЕКЕЕВА А.С., ЖИЛКИБАЕВА М.А.</b> ПРОБЛЕМЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ В УГОЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ.....	131
<b>SEISINBINOVA A.</b> INNOVATIVE SUPPORT FOR DEVELOPMENT OF ENTERPRISES OF FOOD INDUSTRY.....	135
<b>СЕЙДАЛИЕВА Д.</b> РАЗВИТИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ В СТРУКТУРЕ ПРОМЫШЛЕННОГО ХОЛДИНГА РК.....	137
<b>СЕМБАЙ Н.</b> ЛИЗИНГТІҢ МӘНІ МЕН ДАМУЫ.....	142
<b>ТЕМИРБЕКОВА Л.А., СУЛЕЙМАНОВА Р.Ф.</b> ОРГАНИЗАЦИЯ УПРАВЛЕНЧЕСКОГО УЧЕТА ПО СИСТЕМЕ ABC.....	145
<b>ТЕМИРБЕКОВА Л.А., ӘБЕУОВА И.</b> АДАМИ КАПИТАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ФАКТОРЫ.....	149
<b>ТЛЕУБЕРДИЕВА С.С., ЖАНСЕИТОВА Г.С.</b> ГОСУДАРСТВЕННОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	152
<b>TLEUBERDIYEVA S.S.</b> METHODS OF STIMULATING INNOVATION ACTIVITIES.....	154
<b>TLEUBERDIYEVA S.S.</b> IMPROVEMENT OF SCIENTIFIC AND TECHNICAL PROGRESS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	155
<b>ТОЙЛАЕВА С. Ж.</b> ЖЕКЕ МЕНШІК НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗІ РЕТІ.....	157
<b>ТЫНГИШЕВА А.М.</b> ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СИСТЕМЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ.....	160
<b>ТУРУМБАЕВ С. Т.</b> АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ.....	163
<b>УАЛИЕВА М.А., ТЛЕУБЕРДИЕВА С.С., ЖАНСЕИТОВА Г.С.</b> ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ И РАЦИОНАЛЬНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗЕМЕЛЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ В РК.....	166
<b>УРАЛБАЕВ Н.К.</b> СПОСОБЫ ОРГАНИЗАЦИИ ИННОВАЦИОННЫХ КЛАСТЕРОВ В КАЗАХСТАНЕ....	168
<b>УСЕНОВА Д.М., ХАСЕНХАНОВ Н.Б.</b> МОДЕЛИ РАЗВИТИЯ ИНДУСТРИИ ГОСТЕПРИИМСТВА: ОСНОВНЫЕ ТРЕНДЫ И НАПРАВЛЕНИЯ В СТРУКТУРЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ТУРИЗМА.....	173
<b>ЮВИЦА Н.В.</b> РЕЗЕРВЫ МОДЕРНИЗАЦИИ АДМИНИСТРАТИВНОГО РЕСУРСА НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА.....	173

тәжірибесін зерттеу жөніндегі жұмысты жалғастыруда, халықаралық сарапшылардың қатысуымен бірқатар халықаралық тәжірибелер, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізу жоспарлануда.

Ол бухгалтерлік қоғамдар мынадай:

1 Бухгалтерлік стандарттар дайындайтын халықаралық комитет (1973 ж.), оның құрамына жүз бухгалтерлік қоғамнан 9 елдің өкілі қатысады.

2 Халықаралық бухгалтерлік федерациясы (1977 ж.). Оның мақсаты, біріншіден, бухгалтер мамандарының біліктілігін көтеру, стандарттарды жетілдіру, даму жолын анықтау. Екіншіден, аудит және есеп туралы халықаралық нормативтік құжаттарды дайындау.

3 Дүние жүзілік мемлекеттер талабына сәйкес құрылған, өкіметаралық бухгалтерлік есеп және есеп стандарты туралы құрылған – экспорт жұмысшылар тобы (1979 ж.). Бұл қоғамға дүние жүзінің барлық елдері мүше. Бұл қоғам жыл сайын өткізетін өзінің сессиясында қаржы мәліметі жағдайындағы бухгалтерлік есеп проблемасын қарастырып, талдау-зерттеу жасап, бухгалтераралық әлеуметтік, экономикалық факторлардың әсерін талдайды. Халықаралық деңгейде бухгалтерлік есеп процесін ұйымдастыру мәселелерін, халықаралық бухгалтерлік термин сөздіктерін құрастырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Міржақыпова С.Т. Банктегі бухгалтерлік есеп.- Алматы, 2006.- 724 б

2 Комитет по Международным Стандартам Финансовой Отчетности. Разъяснения Международных Стандартов Финансовой Отчетности. ЮСАИД, 2001.

3 Айтжанова Ж.Н. Международные стандарты финансовой отчетности: нормативно-правовой статус // Бюллетень бухгалтера. - 2008.- №11.

УДК 582.28 (582.284)

**НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚОНЫСТАНУ  
ЖҮЙЕСІ ӨЗГЕРІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ  
АУЕЗОВА З.Т.,**

география ғылымдарының кандидаты, «Физикалық және экономикалық география»  
кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

**АУЕЗОВА К.Т.,**

техника ғылымдарының кандидаты, «Менеджмент» кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев  
атындағы Еуразия Ұлттық университеті

**ЖАТАКБАЕВА Г.У.**

«Білім Инновация» дарынды жасөспірімдер лицей мектебінің мұғалімі

[Zaure58@mail.ru](mailto:Zaure58@mail.ru), [karlygash.auezova@mail.ru](mailto:karlygash.auezova@mail.ru)

Халықтың қоныстануын кең көлемде түсіну қоғамды ұйымдастырудың кеңістіктік формасы. Ал, экономикалық тұрғыда халықтың қоныстануы өндіргіш күштері аумақтық ұйымдастыру формасы ретінде көрінеді.

Осымен байланысты халықтың қоныстануын зерттеу сол арқылы халықты тіршілік ету аумағы бойынша бөлу және қайта бөлу және осы құбылысқа тән заңдылықтарды анықтау жүзеге асатын, ең алдымен жалпы модельдерді сипаттау, түсіндіру және құрастыруды болжайды. Халықтың қоныстануы негізінде өндірістегі өндіргіш күштерді дамыту және орналастыру сипатындағы өзгерістер жатыр. Соңғы ондаған жылдарда қоныстанудың дамуына рыноктық қатынастың қалыптасуымен байланысты үрдістер зор

әсер ете бастады. Дегенмен, экономикалық басымдылық анықталынғанымен, бұл жағдайда еліміздегі орын алып келген кейбір экономикалық дағдарыс еске алынады.

Әдетте қоныстанудың төрт астары бөліп көрсетіледі:

- қалалық және ауылдық мекендердің қалыптасуы;
- халықтың елдің әртүрлі елді мекендер мен аудандар бойынша орналасуы;
- қала ішіндегі қоныстану;
- тұрғын үйдің қалыптасуы.

Аймақтық қоныстануға келсек, онда қоныстану елді мекендер және олардың жүйелерінің қалыптасуы, сонымен бірге аймақтық өзгешелікті ескеріп әртүрлі мекендер бойынша халықтың орналасуы ретінде қаралады. Қоныстануды ұзақ мерзімдік тарихи дамудың және экономикалық, әлеуметтік, саяси, демографиялық және табиғи факторлардың өзара әрекет етуінің нәтижесі ретінде қарау қажет. Ең алдымен өндірістің мамандануы және қоғамдық өндірістің аумақтық ұйымдастырылуы бойынша, үлкен аймақтық айырмашылықтармен байланысты халықтың қоныстануындағы бұл факторлардың рөлі арта түседі. Соңғы ондаған жыл ішінде Қазақстандағы халық қоныстануы қозғалысының күтпеген формалар мен бағыттарға ие бола алатындығын байқауға болады. Халықтың қоныстануы экономикадағы терең үрдістерді ғана емес, сонымен қатар экономикалық кейбір қателіктерге сезімтал келеді[1].

Әрине, мұның барлығын мәнін түсініп, ғылыми тұрғыдан қорытындылануды талап етеді. Сонымен бірге кеңестік география ғылымында халық қоныстануының үрдістерін зерттеу бойынша дүние жүзілік ғылыми практиканың елеулі бөлігін құрайтын өзінің теориялық базасы мен әдістемелік тәсілдері қалыптасқан. Біз өзіміздің жұмысымызда жалпы алғанда бұл жағдайларға, ұғымдар мен өлшемдерге сүйенеміз. Атап айтқанда осы кезеңде урбандалуды ғылыми негіздеу жарық көрді. Индустрияландырудың әсерінен урбандалу үрдісі дамуының сапалық аспектілері В.Г.Давидович, О.А.Константинов, В.В.Покшишевский, Ю.Л.Пивоваров, Д.Г.Ходжаев және т.б. ғалымдардың еңбектерінде келтірілген. Урбандалудың жаңа формаларының қалыптасу механизмін, оның болашағын және қоғамдық дамудағы маңызын түсінуге мүмкіндік беретін, урбандалу үрдісіне кең жолдар А.В.Кочетков, Ф.М.Листенгурт, Г.М.Лаппо, В.И.Переведенцев, О.С.Пчелинцев және т.б. еңбектерінде көрсетілген. Қоғамдық өндірістің тиімді дамуы мен әлеуметтік инфрақұрылымды кешенді қамтитын, қоныстану тиімділігін анықтаудың әдіснамалық және әдістемелік мәселелеріне В.Г.Давидович, А.В.Кочетков, Ф.М.Листенгурт, О.С.Пчелинцев, Н.Ф.Паламарчук, Б.С.Хорев және басқалардың зерттеулері арналған. Соңғы жылдары қазақстандық ғалымдар жеке облыстар шеңберіндегі демографиялық проблемалар жайлы маңызды зерттеулер жүргізуде, солардың ішінде экологиялық-демографиялық сипаттағы жұмыстарды баса айтуға болады. Жұмыстарды талдау нарық жағдайындағы қоныстану жүйесінің өзгерістері проблемасын жеткіліксіз зерттеу орын алып отырғандығын көрсетеді. Егер халықтың қоныстану жүйесін туынды экономикалық үлгі ретінде қарайтын болсақ, онда халық қоныстануының өзгерісі белгілі бір мөлшерде тек шаруашылық жүйесінің біз күтіп отырған тиімділігіне ғана емес, сонымен бірге халықтың ұдайы өсуі типіне де қатысты. Мұның Қазақстан үшін тек әлеуметтік-экономикалық немесе демографиялық қана емес, сонымен бірге онан әрі мемлекет ретінде дамуы үшін геосаяси да маңызы зор. Сонымен қатар, Қазақстан облыстарының қазіргі жағдайы мен аймақтық даму тенденциясын да ескеру қажет. Мысалы, аймақтар халқының саны мен тығыздығы, қалыптасқан мекендер формасы мен урбандалу дәрежесі, тірек орталықтарының (ірі және орташа қалалар) барлығы, ең соңында қоныстанудың ұлттық дәстүрі жөнінен елеулі айырмашылық жасайды. Қазақстанда жоғары игерілген және жоғары урбандалған аймақтармен (Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары) бірге, ауыл халқы басым болып келетін көптеген аймақтар, сонымен қатар нашар игерілген және халқы сирек аймақтар кездеседі.

Қоныстану және урбандалу үрдістерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге мыналар:

- жалпы халық санындағы қала халқының үлесі;
- 100 мыңнан астам тұрғындары бар қалаларда тұратын халықтардың үлесі;
- бір елді мекенге есептегендегі қала халқының орташа саны;
- қалалық елді мекендерде тұратын халықтардың үлесі;
- қала желісінің жиілігі; халықтың тығыздығы;
- көлік желісінің тығыздығы және ауыл аралық байланыстардың үдемелілігі.

Әртүрлі қалалар мен ауылдық елді мекендердің көлеміне қарай өсуі мен қоныстануы табиғат ресурстарын тікелей пайдаланумен байланысты өндіруші өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және басқа салалардың аймақтық бытыраңқылығымен түсіндіріледі. Ауыл шаруашылығы және табиғат ресурстарын өндірумен байланысты салалар негізінде, онша үлкен емес елді мекендерде дамиды. Өңдеуші өнеркәсіп және халық шаруашылығының басқа салаларының кәсіпорындары өте ірі және ірі қалалар төңірегіндегі елді мекендердің қалалық қоныстанудағы орналасу формасына бағдарланады [2,3].

Қоныстану үрдісі урбандалу үрдісімен тығыз байланысты. «Қоныстану» және «урбандалу» ұғымдарының өзара байланысты өте күрделі және бірін екіншісіне механикалық көшіре салу дәлелді болмауы мүмкін. Теориялық тұрғыда урбандалу мекендер желісінде «жеке-жеке орналастыру» бағытында әрекетті шоғырландырушы ретінде қаралғанда ғана қоныстанудың бір бөлігі ретінде танылады.

Халық қоныстануындағы өзгерістер, ең алдымен өндірістің дамуы мен орналасуының шынайы заңдарының әсерінен жүзеге асады. Дегенмен, белгілі бір мөлшерде демографиялық жағдайлардың қалыптасуына әсер ететін, жеке адамдардың жиынтығы ретіндегі халықтың өзгешелік ерекшеліктері мен қажеттілігін ескеру қажет. Қоныстанудың дамуы экономикалық заңдар және қоғамдық өндірістің орналасуымен, сонымен бірге тұрғын халықтың өзіндік экономикалық заңдарымен анықталады. Экономикалық реформалау үрдісі барысында Қазақстандағы қоныстану формасы біраз өзгерді. Әрине, бұл заңды, өйткені экономикалық мақсат пен басымдылық өзгертін болады. Мысалы, социализмге тән урбандалудың мөлшерлестік үдемелі қозғалысы, туып отырған урбандалудың бұзылуы үрдісімен (дезурбандалу) ауысып, оған қазіргі жағдайдағы кейбір өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы мүмкіндік беруде. Урбандалудың бұзылуы үрдісі (дезурбандалу) Қарағанды, Атырау, Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан облыстары сияқты индустриалды дамыған аймақтарда ерекше байқалды[5].

Жалпы алғанда, халықтың мекендер желісінде шоғырлану үрдісі өнеркәсіп өндірісінің шоғырлануымен қатар жүреді. Нарықтық қатынасқа өту кезеңінде халық қоныстануын зерттеудің көптеген теориялық негіздері өзгерді.

Соның ішінде:

- халықтың шоғырлануынан ірі қалалардағы халық саны әрі көбейіп, халықтың орналасуына сай олардың аумағында едәуір біркелкі таралады делінетін ірі қалалардың өсуінің өзгешелік ерекшеліктері талас тудырмайды деп есептелінетін. Қазір Қазақстанда жағдай күрт өзгерді. Ірі қалалардың өсуі түпкілікті өзгерді. Ол тек республиканың екі астанасында және оңтүстік өңірлерде сақталынды;

- қоныстануды қалыптастырудағы мекендер арасындағы байланыстың рөлі өзгерді. Мекендер арасындағы байланыс, ең алдымен халықтың тербелмелі көші-қоны.

Ұзақ мерзім бойы тербелмелі көші-қон практикалық тұрғыда өзінің маңыздылығын жойып келген, оған өнеркәсіп өндірісі дәрежесінің құлдырауы және көлік мүмкіндігінің қысқаруы әсер етті;

- урбандалудың кеңістіктік қозғалысында халық көшіп қонуының рөлі өзгерді. Соңғы ондаған жыл Қазақстан үшін қоғам өміріндегі көптеген негіз болатын бағытты бетбұрыстарға алып келді. Осыған орай көші-қон бір мезгілде олардың жағдайы және салдары ретінде болып жатқан бетбұрыстардың барлық қиын – қыстау кезеңдерін айқын бейнеледі.



Дәстүрлі көші-қон үрдістері (ауылдан қалаға ауысу), Қазақстанның қалалық мекендері үшін бұрынғы одақтың басқа аймақтарынан қоныс аударушылар есебінен көші-қонның оң айырмашылығы (сальдосы) жаңа факторлардың ықпалымен өзіне қарама-қарсылықпен ауыстырылады. Атап айтқанда, кету және келу еркіндігін таңдау мүмкіндігі күрт артып және экономикалық еркіндік кеңейді. Олар халықаралық туризм және демалу, коммерциялық көші-қонның шұғыл өсуін тудырып, еркін эмиграция және иммиграцияға жол ашты. Уақытша еңбек көші-қонуына мүмкіндік туып, ол белгілі бір мөлшерде тұрақты қоныстаған жерлерін ауыстыру мақсатындағы көшуді алмастырады. Біздің пікірімізше, өз кезінде аумақтың сиымдалығы ұғымымен байланысты орынды анықтаманы әйгілі орыс географы П.П.Семенов Тянь-Шанский берген болатын. Оның ойынша аумақтың сиымдылығы климат, топырақтың құнарлылығы, суландыру дәрежесі т.б. табиғат жағдайлары ғана емес, сонымен бірге халықтың өзі тұратын мәдени жағдайлар әсерімен де байланысты. Атақты ғалымдар Е.Б.Лопатина және В.В.Покшишевский дұрыс атап көрсеткендей, шындығында П.П.Семенов Тянь-Шанский өзінің анықтамасында халық тығыздығының тарихи ілгерілеушіліктерін түсіндіре алмады, бұл проблемалардың бұзылуына қарапайым тұрғыда ғана келді, себебі өндіргіш күштер дамуы мен өндірістік қатынастар өзгерісін болжамдау қажет жағдайда болмады[3,4].

Аумақтың сиымдылығы ұғымы үнемі бір-бірімен сай келе бермейтін нақтылы және мүмкін сиымдылық арасындағы айырмашылықты қамтиды. Нақтылы сиымдылықты сырттай қарағанда аумақтың қоныстанғандығын жеңіл сипаттайтын – халықтың тығыздығы көрсеткіші көмегін зерттеу мүмкін болады.

Халықтың тығыздығы – аумақтың нақтылы сиымдылығын, қоныстанғандығын сипаттайтын ең кең таралған көрсеткіш. Халық үшін аумақтың мүмкін сиымдылығын халық тығыздығының ең жоғары мүмкін көрсеткіші (елдің рұқсат етілген экономикалық ресурсы) не оңтайлы халық тығыздығы (осы жағдайда жан басына шаққанда нақтылы жоғары табыс қамтамасыз етілетін аумақтар өлшемі бірлігіне келетін тұрғындар саны) бойынша қарауға болады. Қала мен ауыл халықтарының тығыздықтарын есептеу, оның қозғалысын зерттеу халықты қайта бөлу үрдісін бағалауға мүмкіндік береді. Бірақ халықтың орташа тығыздығы, халықтың тіршілік жағдайын дұрыс сипаттай алмайды. Мысалы, Қызылорда облысы үшін, халық тығыздығы бір шаршы шақырымға 3 адам бола отырып, облыс халқының 37,7%-ы 3 ауданда (Арал, Қазалы, Шиелі) шоғырланған.

Халық тығыздығын есептеудің өткен ғасырдың 20-жылдарында Е.Слущкий ұсынған тағы бір жолы бар. Бұл – халықтың әлеуметтік тығыздығының көрсеткіші. Бұл көрсеткіштің мәні, халық саны бойынша тығыздықтан орташа арифметикалықты көрсетуінде. Бірақта не халықтың әлеуметтік тығыздығы, не орташа тығыздық көрсеткіштері арқылы сипаттау мүмкін емес. Аумақтың азды көпті біртекті бөліктері үшін халық тығыздығының таралуын салыстырмалы түрде жан-жақты талдау ғана қоныстану жайлы толық сипаттама береді. Аумақтың қоныстанғандық дәрежесін салыстырмалы түрде сипаттайтын жаңа көрсеткіш демографиялық әлеует, не қоныстану өрісінің әлеуеті болып табылады. Бұл көрсеткішті сипаттау Ю.В.Медведков, О.Л.Евтеев және С.А.Ковалевтың еңбектерінде берілді. Бұл көрсеткіштің мәні халық орналасуының айырмашылықтарымен түсіндірілетін, қоныстану өрісі шеңберіндегі бағдарлану ерекшелігін көрсету болып табылады. Бірақ қоныстануды едәуір кеңірек сипаттау аумақты игерудің үдемелілік дәрежесі болып табылады. Көрсеткіш аумақты игеру қарқынының тек сандық жағын ғана емес, сонымен қатар оның сапалық жағын да бейнелейді. Оның пікірінше, аумақтың шаруашылық тұрғысында игерілу дәрежесі өлшемдік аумаққа есептелінетін және экономикалық даму дәрежесін анықтауда пайдаланылатын әртүрлі жекеше көрсеткіштерді де сипаттауы мүмкін.

Атап айтқанда:

- өнеркәсіп жұмысшыларының тығыздығы;
- өнеркәсіптік – өндірістік қордың тығыздығы;

- өнеркәсіптің кейбір салаларының жалпы өнімінің тығыздығы (энергетикалық, машина жасау, жеңіл, тамақ және т.б.);
- көлік желісінің тығыздығы және т.б.

Бұл көрсеткіштердің барлығы аумақтың экономикалық қанығуын бейнелей отырып, белгілі бір мөлшерде аумақтың шаруашылықтық игерілу дәрежесін, яғни оның қоныстанғандық сиймдылығын сипаттайды.

Осы тәсілді пайдалана отырып, Қазақстан аумағын мына төмендегі көрсеткіштер бойынша жіктеу жүргізілді:

- еліміз аймақтары бойынша еңбек ресурстарының саны;
- Қазақстан Республикасының негізгі өнеркәсіпті облыстарының үлесі;
- тұрғын үйлерді іске қосу;
- өнеркәсіп кәсіпорындарының тығыздығы;
- Қазақстан аумағы бойынша жүретін темір жолдардың тығыздығы;
- жалпы пайдаланудағы қатқыл табанды автомобиль жолдарының тығыздығы.

Осы көрсеткіштерді толық ескерсек, яғни Қазақстан аумағының шаруашылық тұрғысынан ескерсек, Қазақстан аумағының шаруашылық тұрғысынан едәуір облыстары қатарына Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Атырау, Жамбыл, Павлодар облыстарын жатқызуға болады. Осы облыстар экономикалық әлеуетінің өсуі қоныстанудың құрылымдық желісінің терең өзгерістеріне әкеп соғады. Бұл облыстарда халықтың едәуір мөлшерде ауыл шаруашылығынан өнеркәсіп салаларына, яғни ауыл шаруашылықтық емес салаларына өтуі Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында одан әрі көрініс беруде.

Шындығында жеке облыстар, қалалар және ауылдар арасында халықтың аумақтық қайта бөлінуімен жүретін халық санының өсуі, елді мекендер желісі мен жүйесінің қалыптасуына елеулі өзгерістер туғызады. Бұл аумақ халқының қоныстанғандығы мен аумақ сиймдылығын бағалауда, тек әлеуметтік – экономикалық қана емес, сонымен бірге табиғи шаруашылық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде экологиялық – демографиялық факторларды да ескертуге негіз болып табылады[5].

Бұл жағдайда аумақтың сиймдылығының артуы мен кемуімен бірге алғандағы табиғи – шаруашылық жүйедегі экологиялық – демографиялық және экологиялық – экономикалық шиеленістердің жергілікті ошақтарының орнын анықтаудың қажеттігі туады. Біздің пікірімізше, мұндай ошақтар Қазақстанның біраз аймақтарында, атап айтқанда Қызылорда, Алматы облыстарында орын алып, өкінішке орай, экологиялық қауіп пен әлеуметтік шиеленіс өсуінің белгісі болуда. Олардың аумақтық сиймдылыққа әсерін ескеру, біздің еліміздегі демографиялық үрдістерді аумақтық талдауда маңызды факторлардың бірі болып табылатыны сөзсіз. Халық құрылымын сипаттаудың бір көрсеткіші, елді мекендердің топтасып орналасу формасы, олардың ішіндегі қалалық елді мекендердің едәуір даму ерекшелігі болып табылады. Қалалық елді мекендерде, Қарағанды облысында қала халқының үлесі 79 % , Шығыс Қазақстан облысында қала халқының 52,9 % , ал Павлодар облысында 70,1 % дейінгісі қоныстаған.

Ауылдық қоныстану үрдісінің қалыптасуында да едәуір аймақтық айырмашылық байқалады. Жалпы халық шаруашылығы тұрғысынан қарағанда, ауылдан халықтың қалалық мекендерге біркелкілеу кетуін ескерсек, ауыл халқының кемуі заңды болып табылады. Бірақ Қазақстандағы соңғы жылдардағы ауыл шаруашылығы саласындағы дәлелсіз реформалар салдарынан (фермерлік шаруашылықтың жедел дамуы) көші – қонның жеделдеуімен байланысты ауылдық мекендердің елсізденуі орын алуда. Солтүстік Қазақстан, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарында ауылдық елді мекендерден халықтың кетуі соншалықты, ауылда еңбекке жарамды адамдар қалмауда. Сондықтан, мемлекет мүддесіне сай халық кететін бұл аудандарда халықтың ауылдық көші-қонуын реттеу проблемасы орын алуда. Сонымен, халықтың қоныстануы ұғымы ең алдымен аумақ

бойынша халықтың бөлінуі мен қайта бөлінуі жүзеге асатын жалпы үлгілерді құрастыру деген сөз. Тікелей араласу жолымен қоныстанудың белгілі бір үлгісін құрастыруға болмайды, өйткені ол жанама табиғи және демографиялық факторлармен біріккен экономикалық үрдістердің жүруімен байланысты. Бірақ мемлекет дамудың осы кезеңі мүддесіне сай келетін халық қоныстануының моделін реттеп, бағыттап және жанама түрде басқара алады. Ең алдымен, халық қоныстануы және урбандалу үрдістерін сипаттайтын көрсеткіштермен анықталатындығын ескеру қажет. Өртүрлі дәрежелі елді мекендер арасында өзара байланыс және өзара қатынас жүйесі өзгеріп, ол елді мекендер желісін өзгертуге әкеп соғуы мүмкін. Бір жағынан қоныстанудың экономикалық негізінің өзгерісі, екіншіден халықты әлеуметтік-экономикалық сипаттағы жағдайларың өзгерісіне бейімделуі жүзеге асады. Болып жатқан үрдістердің мәнін айқындау халық қоныстануына негізделінетін сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесі арқылы болуы мүмкін.

#### Негізгі әдебиеттер

1. Алексеев, А. И., В.А. Колосов Социально-экономическая география. Учебное пособие. - М.: Новый хронограф, 2013.
2. Константинов, О. А. Предмет и метод экономической географии - М.: ЁЁ Медиа, 2016.
3. Смирнов, Е. Н. Экономическая география зарубежных стран - М.: КноРус, 2012.
4. М.М. Голубчик Социально-экономическая география. - М.: Юрайт, 2015.
5. Ауезова З.Т. Қазақстан халқының қоныстануы. Монография. –Астана «Идеал-ИС 2009» -Астана, 2016.

УДК 339.138:004.738.5

### **ИНТЕРНЕТ ОРТАДА ӨНІМДІ ЖЫЛЖЫТУДЫҢ МАРКЕТИНГТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДЫНУДЫ ТАЛДАУ**

**АМАНТАЕВА Д.Ж**

dinara.a.94@mail.ru

КарГУ им. Е.А. Букетова

г.Караганда, Казахстан

Бүгінгі таңда интернет ортасында өткізуді ынталандыру тауарлар немесе қызметтерді жылжытудың түрі ретінде сатылым өсімін сақтау мен ұлғайту бойынша маркетингтік қызметті ұсынады. Ол тауар сатылымының үздіксіз ағынын құру мақсатындағы үрдіс қатысушыларының қолдау, ақпараттандыру мен уәждеу үшін қолданылады. Одан басқа, тауар жылжытылуының бұл түрі оның жарнамасын мен сатылымының үйлестірілуін және де өндіруші делдал мен оның қызметкерлеріне, сыртқы байланыс қызметінің жұмыскерлеріне және тұтынушыға қосымша әсер ету үшін барлық әрекеттерді қамтиды.

Интернетте өткізуді ынталандыру әдістерінің кең таралғандығына келесі факторлар әсер етеді:

- Интернет өнімді өткізудің жаңа арнасы болғандықтан, көптеген тұтынушылар интернет арқылы сатып-алушылыққа абайлап қарайды. Нәтижесінде, Желі арқылы сатылымдар көлемін ұлғайту үшін, фирмалар тұтынушылардың уәждемесін арттырып, сатылымдарды жандандыратын әртүрлі тәсілдеді қолдануға мәжбүр;

- бәсеке өсіп, Интернетте ұсынылатын сауда белгілерінің саны ұлғаюда, және де тауар сауда маркалары бірдей тұтынушылық сипаттамаларға ие;

- Интернеттегі ақпараттық қанықтық тұтынушылардың тауар бағасы мен сипаттамалары жайлы хабардар болуына әкеледі;